**Әулиекөл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 7 маусымдағы № 165 "2017 жылғы Әулиекөл ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата – ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 278 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 желтоқсанда № 7373 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы, 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Әулиекөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әулиекөл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 7 маусымдағы № 165 "2017 жылға арналған Әулиекөл ауданында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7114 болып тіркелген, 2017 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы";

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2017 жылға арналған Әулиекөл ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Ж. Таукенов*

Әкімдіктің

2017 жылғы 29 қарашадағы
№ 278 қаулысына қосымша

Әкімдіктің
2017 жылғы 7 маусымдағы
№ 165 қаулысына қосымша

# 2017 жылға арналған Әулиекөл ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

| № | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының атауы | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны | | | Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге) | | | М ұ т |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мектепке дейінгі ұйымдар | Орта білім беру ұйымдарының базасында ұйымдастырылған мектепке дейінгі шағын орталықтар | | Мектепке дейінгі ұйымдар | Мектеп жанындағы толық күн болатын шағын орталық | Мектеп жанындағы жарты күн болатын шағынорталық | М ұ |
| | | | | Мектеп жанындағы толық күн болатын шағын орталық | Мектепжанындағы жарты күн болатын шағын орталық | | | | Б т |
| 1 | Әулиекөл ауылы | "Әулиекөл ауданының әкімдігінің " Айгөлек" Әулиекөл бала бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 165 | - | - | 28079 | - | - | - |
| 2 | Құсмұрын кенті | "Әулиекөл ауданының әкімдігінің " Құсмұрын балалар бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 120 | - | - | 26963 | - | - | - |
| 3 | Әулиекөл ауылы | "Әулиекөл ауданының әкімдігінің " Ақбота" бала бақшасы" мемлекеттік | 170 | - | - | 27200 | - | - | - |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | коммуналдық қазыналық кәсіпорны | | | | | | | |
| 4 | Құсмұрын кенті | "Әулиекөл ауданы әкімдігінің " Балапан" Құсмұрын бала бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 50 | - | - | 37765 | - | - | - |
| 5 | Новонежин ауылы | "Әулиекөл ауданы әкімдігінің Новонежин " Балдәурен"бала бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 50 | - | - | 29727 | - | - | - |
| 6 | Аманқарағай ауылы | "Әулиекөл ауданының әкімдігінің Аманқарағай " Бөбек" бала бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 95 | - | - | 28951 | - | - | - |
| 7 | Құсмұрын кенті | "Әулиекөл ауданы әкімдігінің Құсмұрын " Қарлығаш" бала бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 75 | - | - | 30517 | - | - | - |
| 8 | Әулиекөл ауылы | "Әулиекөл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Әулиекөл бастауыш мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы | - | 50 | - | - | 11865 | - | - |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | толық күнді шағын орталық | | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК